БҰҰ-ның Арнайы баяндамашысының «Судьялар мен адвокаттардың тәуелсіздігі» тақырыбындағы баяндамасында «Әлеуметтік желілер және судьялармен прокурорлардың қызметі» деген бөлім бар. Халықаралық шарттарда судьялардың Интернетте өз бостандықтарын қолдана алуы туралы нұсқаулар жоқ. Сонымен қатар, жеке тұлғалардың оффлайн режимінде бар құқықтары, атап айтқанда пікір білдіру бостандығы да, онлайн режимінде дәл солай қорғалуы керек³. Іс жүзінде бұл, сот төрелігі субъектілері, судьяның құрметті атағына нұқсан келтіретін немесе қоғамның сот жүйесіне деген сенімін төмендететін мүдделер қақтығысын тудыратын кез-келген қызметпен айналысудан аулақ болу керек дегенді білдіреді (A/HRC/26/32, 58-тармақ).

Осы уақытқа дейін адам құқықтары жөніндегі соттармен жүйелер, судья әлеуметтік желіде сөз бостандығын жүзеге асырған кезде, оның жүріс-тұрысы қандай болу керектігі туралы нақты жауапты бере алмаған болатын. Халықаралық стандарттарға сәйкес судьяларға, олардың кәсіби қызметі, жеке өмірі және жүріс-тұрысына қатысты, басқа адамдармен салыстырғанда, қатаң шектеулер қойылуы

тиіс. Алайда, судьялардан қоғамдық өмірге қатысуды мүлдем тоқтатуды талап ету ақылға қонымсыз болар еді. Судьяларды өздері өмір сүретін қоғамнан толық оқшаулау мүмкін емес және оның пайдасы жоқ (UNODC, Бангалор қағидаларына түсініктеме, 31 тармақ). Судьяларға «әлеуметтік желілерден аулақ болу» туралы жалпы нұсқау беру қазіргі цифрлық дәуірде дұрыс емес және шындыққа жанаспайды.

Судьялардың әлеуметтік желілердегі жүріс-тұрысы көпшілікке айқын көрінеді. Судья жариялаған кез-келген комментарийлермен мәлімдемелер халықтың сот жүйесіне деген сенімін нығайтып, олардың қызметінің абыройына және сот билігінің тәуелсіздігімен бейтараптығына сай болуы керек. Судьялар өздерінің жеке көзқарастарымен пікірлерін білдіру кезінде, олардың міндеттерімен мемлекеттік қызметші мәртебесіне кері әсерін тигізбеу туралы және бейтарапты, қызметіне адал және жауапты болуына күмән келтірмеу туралы ойлау керек. Интернетте өздерінің көзқарастарымен пікірлерін білдіре отырып, олар әрдайым өз қызметін құрметтеп, сот жүйесіне сенімділікті сақтап және оны күшейтуге талпыну керек. Олар әлеуметтік желіде қоғамның сот жүйесіне сенімін төмендететін немесе оның тәуелсіздігімен бейтараптығына күмән тудыратын кез-келген әрекеттен аулақ болуы керек. Судьяға кез-келген түрдегі электрондық хат алмасу байланысы, соның ішінде мәтіндік хабарламалар немесе электрондық хат байланыстары кезінде сақ болуға кеңес беріледі. Судьяға әлеуметтік желілерді пайдалану кезінде немесе материалдарды Интернетте орналастыру кезінде де сақ болуға кеңес беріледі. Интернетте орналастырылған электронды хаттармен материалдардың қол жетімділігі, кең таралу мүмкіндігі және ұзақ мерзімді сақталу сипатын ескерген жөн. Судьяның адамдармен бетпе-бет сөйлесу, қағаз хат арқылы немесе телефон арқылы сөйлесу мүмкіндігін реттейтін қағидалар, электрондық байланысқа, оның ішінде Интернетпен әлеуметтік желіні пайдалануға да қатысты болуы керек.

Тек бірнеше мемлекеттерде ғана судьялардың әлеуметтік желілердегі жүріс-тұрысын реттейтін арнайы заңнама немесе этикалық нормалар қабылданған. Бұл

³ Human Rights Council resolution A/HRC/RES/38/738/7 at 17.07.2018 / https://ap.ohchr.org/documents/dpage_e.aspx?si=A/HRC/RES/38/7

Австралия, Албания, Венгрия, Словения, Солтүстік Ирландия, Шотландия және Черногория. Кейбір елдерде судьялардың кәсіби қауымдастықтары Интернетте, әсіресе әлеуметтік желілерде сөз бостандығын қолдану қаупі туралы хабардар ету мақсатында бірқатар іс-шаралар өткізді. Бұл Әзірбайжан, Болгария, Коста-Рика, Литва және Корея Республикасы. Басқа елдер өздерінің судьялық этика кодекстерін жаңартып, сот органдары қызметкерлерінің әлеуметтік желілерді пайдалануы туралы мәселені нақтылау үшін этикалық органдарды құра бастады. Сот органдары адалдығын қамтамасыз ету жөніндегі Жаһандық желісі сияқты тиісті топтар, осы мәселе бойынша құнды нұсқаулықтар шығарып, әлеуметтік желілердің сипатымен судьялардың этикалық жауапкершілігі туралы оқыту бағдарламаларын әзірлеуде⁴. Мемлекеттердің БҰҰ Арнайы баяндамашысына жіберген материалдарында судьялардың Интернеттегі сөз бостандығы құқығын жүзеге асыру кезінде құқықтық немесе тәртіптік жауапкершілікке тартылған жағдайлары туралы шектеулі ақпарат бар. Нидерланды мен Словенияда судьялар Твиттерге орынсыз пікір қалдырғаны үшін тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Корея Республикасында бірқатар судьялар тағайындау процедураларына немесе басқа соттар қабылдаған шешімдерге қатысты сот жүйесінің ішкі коммуникациялық желісінде айтылған сындары үшін қызметінен босатылды.

Еуропалық судьяларды оқыту желісі (EJTN) шеңберінде, Чехия сот академиясысында 2015 жылғы 23-26 маусым аралығында «Фемида байқауы 2015: Судья этикасы және олардың кәсіби жүріс-тұрысы» конкурсының 4-ші жартылай финалы өтті. Оған қатысқан «Судьялар және әлеуметтік медиа: тәуекелдерді басқару» – атты ғылыми еңбектің авторлары келесіні айтады. Интернетте жедел және барлық жерде болатын қоғамдық әлеуметтік өзара әрекеттесуді қамтамасыз ете отырып, әлеуметтік желілер сот жүйесінің қызметкерлеріне этикалық міндеттерді орындауды қиындатады. Әлеуметтік желілер судьяларды тәртіптік жазаға тартуына дейін әкелуі мүмкін «этикалық миналар» құруға потенциалы бар. Мысалы, Грекияда азаматтық және қылмыстық істер жөніндегі Жоғарғы сот қатаң үнемдеу шараларына қатаң наразылық білдірген

және үкімет мүшелерін сатқындық жасады деп ашық блог арқылы айыптаған судьяны тәртіптік жауапкершілікке тартты. Твиттерде псевдоним қолданатын француз судьялары өздері қатысқан сот процесі туралы алған әсерлерімен бөлісіп отырған. Бұл қоғамның наразылығын тудырып, нәтижесінде судьялар тәртіптік жауапкершілікке тартылды. АҚШ-та Facebook арқылы аяқталмаған сот процесі бойынша адвокатқа комментариймен бөліскені үшін судьяға сөгіс жарияланған [1].

Бұл талдау судьялардың әлеуметтік желілердің этикалық салдары туралы елеулі алаңдаушылық туғызады. Әлеуметтік медиа байланыстың негізгі құралына айналған және өсіп келе жатқан әлемде сот жүйесінің мүшелерін онлайн-қауымдастықтарға қатысудан алшақтатпау керек. Әлеуметтік желілер арқылы әлеуметтену судьялардың сөз бостандығына кепілдік беріп қана қоймайды, сонымен бірге олардың қоғамдық өмірге белсенді қатысуын қамтамасыз етеді, осылайша олардың кәсіби қызметінде кездесетін проблемалармен дилеммалар туралы тікелей тәжірибе жинай алады. «Судьялар және әлеуметтік медиа: тәуекелдерді басқару» ғылыми еңбегі судьяларды өздерінің этикалық міндеттерін тиімді орындауы үшін әлеуметтік желілермен өзара әрекеттесу кезінде ескеру қажет факторлар туралы айтады. Тренингтер арқылы (мысалы, әлеуметтік медиа семинарлар, брифингтер, кейстерді талқылау кезінде таныстар көбейіп) әлеуметтік желілер арқылы байланыстың қауіптілігі туралы судьяларды оқыту және әлеуметтік медиа туралы жалпы түсінікті көрсететін нақты ережелер орнату, судьялардың әділеттілігімен адалдығын сақтау үшін өте маңызды. Еуропалық этика комитеттері жақын арада Интернеттегі судьялардың әлеуметтік белсенділігінен туындайтын мәселелерді шешеді және қазіргі заманның сот білігінің мүшелері үшін ашық және технологиялық тұрғыдан озық тәжірибе басшылыққа алынатын қағидаларды қабылдайды деп күтілуде. Осындай қағидаларды сақтауға, тәртіптік этика органдарынан басқа, сот жүйесі шеңберіндегі тәуелсіз этикалық кеңестер арқылы белсенді түрде қол жеткізуге болады. Олар судьяларға заманауи этикалық дилеммалар туралы мәлімет, кеңес бере алады және этикалық нормалардың орындалуын қадағалап, Интернеттегі әлеуметтік желілерді теріс пайдаланудың алдын алады.

⁴ UNODC, "Social media, a new platform for judges around the world" / <https://undocs.org/>

АҚШ-тағы штаттар соттарының ұлттық орталығында, судьялар беделді біліммен ақпарат алуға жүгіне алатын **Судьялық этика орталығы** (NCSC) бар. Орталық Бас судьялардың конференциясымен (қауымдастығымен), Штаттардың сот әкімшілерінің конференциясымен (қауымдастығымен) және басқа да судьялардың бірлестіктерімен жұмыс істейді. NCSC судьялар үшін әртүрлі формада сарапшылық білім: веб-ресурстардан бастап практикалық көмекке дейін бере алады. Үкімет сарапшылардан және интернет-ақпарат көздерінен алынған ақпараттың ақысын төлеп, оны бірінші деңгейлі және апелляциялық соттарға, соттардың әкімшілік кеңселеріне ақысыз тарады. Жеке артықшылықтарды пайдалану үшін судьялармен сот әкімшілері оқу курстарына жазыла алады немесе сот жұмысын жақсарту құралдарымен әдістерін бағалау және енгізу үшін NCSC зерттеушілерімен және консультанттарымен келісім жасай алады [1]⁵. Ары қарай осы тақырыпқа арналған Judicial Conduct Reporter журналында маңызды мақала жалияланғаннан кейін шыққан сот этикасы және әлеуметтік желілер бойынша материалдардың қысқаша резюмеси келтіріледі. Осы журналда 2017 жылдың көктемімен жазында әлеуметтік медиа мен судья этикасына қатысты консультативтік қорытындылармен тәртіптік шешімдерді талдайтын 2 бөлімнен тұратын мақала жарияланған болатын. Мақаланың бірінші бөлімі судья міндеттерімен жалпы таныстыру және талқылау болды: басқа заңгерлерді, адвокаттарды «достарға қосу»; дисквалификация және ақпаратты жария ету; судьяның басқалармен біржақты байланысы және тәуелсіз тергеу жүргізу; аяқталмаған өндірістегі істерге комментарий беру мәселелері. Екінші бөлім судьяның кеңседен тыс жүріс-тұрысына арналған: қоғамның сот жүйесіне деген сенімін төмендететін жүріс-тұрыс түрлері; комментарий беру; қызмет беделін асыра пайдалану; құқықтық консультация беру; жабық ақпараттарды жария ету; қайырымдылық жасау; судьяның саяси қызметі және сайлау кампаниясын жүргізу [2].

АҚШ-тағы Судьялар қауымдастығының кеңестік пікірлері. 2018 жылдың қазан айында Калифорния жоғарғы соты штаттың сот этика кодексіне Canon 2A-ға келесідей түсініктеме қосты. Электронды байланыстың қол жетімділігі, кеңінен таралуымен

ұзақ сақталуын, материал Интернетте орналастырылғанын ескере отырып, судья электронды байланыстың кез-келген түріне, оның ішінде мәтіндік хабарлама, электрондық пошта арқылы байланысқа шығу кезінде, әлеуметтік желілердің онлайн-сайттарына қатысқанда немесе Интернетте материалдарды басқаша орналастыруда абай болуға тиіс. Судьяның бетпе-бет, қағаз жүзінде немесе телефон арқылы сөйлесуін реттейтін канондар (ережелер) электронды байланысқа, оның ішінде Интернетті және әлеуметтік медианы пайдалануға қолданады [2].

Бұл канондарға мыналар жатады: Canon 2B (2) Сот билігінің беделі; 3B (7) Біржақты байланыс, 3B (9) Аяқталмаған немесе болашақ сот істерін қоғамдық талқылау; 3E (2) Дисквалификацияға қатысты ақпаратты ашу; және 4A Судьялық қызметтің қадірін төмендетпейтін, жиі дисквалификацияға әкелмейтін, судьяның бейтарап әрекет ету қабілетіне күмән келтірмейтін соттан тыс іс-әрекеттері. 2020 жылдың шілдесінде Калифорния жоғарғы соты штаттың судьялық этика кодексіне Canon 2B ережесіне түсініктеме қосты, онда: егер судьяға әлеуметтік желіде, мысалы, Facebook, Yelp немесе TripAdvisor сияқты краудсорсинг сайттарында хабарлама жасаса, өзінің және басқалардың қаржы немесе жеке мүдделерін ілгерілету үшін судьялық лауазымның беделін пайдалануға тыйым салынады. Мысалы, оны судья ретінде анықтауға мүмкін болса, сайттардағы компанияларды, тауарларды немесе қызметтерді басқаларға ұсынып, немесе сынап комментарий жаса алмайды [2].

Белгілі бір мәселеге қатысты біліктілігі болса, судьялар Yelp сияқты краудсорсингтік сайттарда пікір жаза алады және әлеуметтік желілердегі «Ұнайды» функциясын қолдана алады (Калифорния судьялары қауымдастығының 78-ші ресми қорындысы, 2020 ж.). Апелляциялық сатыдағы судья сот қызметкері әлеуметтік желілерде канондарды бұзатын комментарий жібергенін білгенде, дереу тәртіпбұзушылықты жою үшін шаралар қолнаду керек. Кем дегенде қызметкерден «қоғамдық жариялықтан жойылды» деген хабарламасын жариялау үшін барлық ақылға қонымды қадамдарды жасауды талап етеді. Егер судья орынсыз пікірді көпшілік қарағанын, қайта жариялағанын немесе басқа жолмен таратылғанын білсе, жағдайға сәйкес, әсіресе комментарий соттың абыройына тиетін, оны қорлайтын немесе басқадай

⁵ The National Center for State Courts / Қауым материалдары 01.04.2021 / <https://www.ncsc.org/about-us>

теріс әсер ететін болса, сот қызметкеріне әлеуметтік желілердегі комментарийді түзету немесе алып тастау туралы нұсқаулық беру керек. Апелляциялық сатыдағы сот қызметкерлерін оқыту, олардың әлеуметтік медидағы жарияланымдарында сот билігінің адалдығына қоғамдық сенімді сақтаудағы өздерінің рөлін түсінуге көмектеседі (2020-37 Калифорния судьялары қауымдастығының ауызша нұсқаулығы) [2].

Судьялар әлеуметтік желілерді «ағымдағы саяси мәселелерге қолдау немесе наразылық білдіру үшін» пайдаланбауы керек. Соның ішінде, өздерінің атақтарын қолданбаса да, «адамды, бейнені немесе басқа адамның айтқан сөзін растау, мақұлдау немесе симпатия білдіру» үшін судьялар әлеуметтік желілерді пайдаланбайды (Колорадо судьялары ассоциациясының 2020-2 консультативтік қорытындысы). Судья адамның психикалық денсаулығына қатысты сот шешімінің жобасын тек психикалық денсаулық сақтау ұйымының веб-сайтында ғана қолданылатын видеода талқылай алады. Белгілі бір ұйымды насихаттауға мүдделі болмай, судья ол ұйымның бағдарламасын әлеуметтік желілер алаңында талқылай алады (2019-26 Флорида судьялары ассоциациясының консультативтік қорытындысы). Әріптес судья жазған кітаптың шығу күнін Facebook немесе басқа әлеуметтік желілерде судья жариялай алады (2020-21 Флорида судьялары ассоциациясының консультативтік қорытындысы) [2].

Судьяның алдына келген адвокат, өзінің Facebook-тағы бұрынғы досы екенін білген кезде, бұл фактіні жариялау талап етілмейді. Бірақ судья болған нақты қарым-қатынастардың сипатын ескеріп, осы мәліметті ашудың қаншалықты керектігін барын анықтайды. Судья нақты қатынастардың сипатын: достық, судьямен адвокат арасындағы кез-келген басқа қарым-қатынастың дәрежесі және адвокаттың судьямен ерекше жақын қатынастары бар екендігі туралы әсер туғызу үшін қолданатын судья жариялаған жеке ақпаратты, ескеруі керек (2018-3 Массачусетс судьялары ассоциациясының қорытынды-хаты). Сот органдарының лауазымды тұлғалары, егер олардың әрекеті судьялық этика кодексін бұзбайтын болса, әлеуметтік желілерде аккаунттары болуы мүмкін (JI-147, 2019 Мичиган штаты судьялары ассоциациясының консультативтік қорытындысы). Судьялар әлеуметтік желілерде қайырымдылықпен айналысатын ұйымдарды қолдай алады. Судьялар өздерінің қайырымдылыққа берген ақшаларын әлеуметтік желілерде көрсете

алмайды. Қайырымдылық қорлардың директорлар кеңесіне кіретін судьялар, ұйымның веб-сайтында және әлеуметтік желілерде өздерінің лауазымын жариялауға рұқсат бере алады. Судьялар өздерінің есімдерімен фотосуреттерін қайырымдылық ұйымның веб-сайтында немесе әлеуметтік желілерде орналастыруға рұқсат бере алады. Егер судьяның қайырымдылық ұйымымен байланысын жарияламау туралы келісімі болса, ұйым қолданатын әлеуметтік медиа және басқа сандық ақпарат құралдарынан аулақ болуы тиіс (JI-148, 2019 Мичиган штаты судьялары ассоциациясының консультативтік қорытындысы) [2].

Судьялар әлеуметтік желілерді басқа қоғам мүшелерімен бірдей пайдаланамыз дей алмайды. Іске қатысатын адвокаттың әлеуметтік желілерде судьямен байланысының болуы автоматты түрде судьяны дисквалификацияға әкелмейді. Істі қараудан өздігінен бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде судья ол адвокатпен араласуының жиілігін (мысалы, комментарий, репосттар жасау жиілігі және т.б.) ескеруі керек. Судья бұл тарап қатысатын істен бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде, әлеуметтік медида ол тарап өкілімен қарым-қатынасының жиілігімен мазмұнын ескеруі керек. Аяқталмаған іске адвокат ретінде қатысатын адаммен судья әлеуметтік желідегі аккаунты арқылы байланыса алады, егер хабарлама ex parte мәлімет ерекшеліктерінің біріне сәйкес келсе (бейтараптылық қағидасын бұзбаса). Судья адвокаттарды LinkedIn-де немесе басқа әлеуметтік желіде «ұсына» алмайды. Әлеуметтік желіде судья бизнесті қолдай алмайды. Алайда ол әлеуметтік медида қайырымдылық ұйымын қолдай алады (2020, Мичиган штаты соттарының әлеуметтік желілері туралы жиі қойылатын сұрақтар [2]).

Жәбірленушінің жақын туыстарынан іс бойынша мазмұнды талқылауды қамтитын әлеуметтік медиа хабарламасын алған судья хабарламаны барлық тараптарға жария етуі керек. Алайда, ешқандай істі қараудан бас тарту талап етілмейді және бұл туралы шешімді судья өзі қабылдайды (2017-53, Нью-Йорк судьялары ассоциациясының консультативтік қорытындысы). Заңгерлер алқасы немесе басқа кәсіби ұйым ұйымдастырған жеке немесе кәсіптік демалыстарға онлайн-шолуды, онда адамдардың есімдері жасырын болса да және судьяның мәртебесіне қатысы болмаса да, судья жаза және жариялай алмайды (2019-87, Нью-Йорк

судьялары ассоциациясының консультативтік қорытындысы). Судьямен судьялық қауымдастық соттардың құрылымына, жұмысына әсер ететін заңдық немесе конституциялық өзгерістерді жария түрде қолдай алады немесе қарсылық білдіре алады. Бірақ әлеуметтік желілерде өз ұстанымдарын білдіруде судьялар дискрециялық әрекеттерді жүзеге асыруы керек (2019-120, Нью-Йорк судьялары ассоциациясының консультативтік қорытындысы) [2].

Судьялардың жүріс-тұрысына қатысты тәртіптік шешімдерді қарастырайық. Судьялардың жүріс-тұрысы жөніндегі Аризона штатының комиссиясы, талапкерді Facebook парақшасындағы масқаралағаны үшін судьяға ашық түрде сөгіс жариялады. Сондай-ақ, комиссия судьяға хабарламаны алып тастап, консультативтік қорытындыны оқуды бұйырды (12.06.2018 ж. Ури ісі, Бұйрық. Судьялардың жүріс-тұрысы жөніндегі Аризона штатының комиссиясы). Судьялардың жүріс-тұрысы жөніндегі Аризона штатының комиссиясы, шерифті қорғауға арналған кампаниясы үшін Facebook-тағы жазбаларында өзінің судья мәртебесін пайдаланғаны үшін, штаттан тыс қызмет атқаратын судьяға ашық түрде сөгіс жариялады (10.06.2020, Барт ісі, Бұйрық. Судьялардың жүріс-тұрысы жөніндегі Аризона штатының комиссиясы). Комиссия по вопросам поведения судей штата Аризона объявила публичный выговор судье, помимо других проступков, за просмотр сообщения в социальной сети, в котором супруга обвиняемого по уголовному делу критиковала его. Затем обсуждение сообщения с описанием предполагаемых неточностей и просьбой чтобы это было исправлено (17.11.2020 ж. Стэггс ісі, Бұйрық. Судьялардың жүріс-тұрысы жөніндегі Аризона штатының комиссиясы) [2].

Келісімге сәйкес, Арканзас штатының судьялық тәртіп жөніндегі комиссиясы, судьяның отставкаға кететіндігін және оның штатта судьялық қызмет атқаруға біржола тыйым салуға келіскендігін жариялады. Комиссия судьяның басқа да теріс қылықтарымен қатар, Facebook Messenger және телефон арқылы байланысқан, айыпталушы әйелге қатысты барлық істерді қараудан дереу бас тарту туралы арыз бермегені үшін айыптауға дайын болған (01.05.2020, Отставка және қызметке тиым салу туралы шешім. Арканзас штатының судьялық тәртіп жөніндегі комиссиясы) [2].

Сот қызметі жөніндегі калифорниялық

Комиссия бұрынғы сот органдарының лауазымды тұлғасын көпшілік алдында айыптап, оған Калифорнияның кез-келген сотында судья ретінде қызмет етуіне тыйым салды. 1) Ол өзінің Facebook парақшасында келесі материалдарды жариялаған: мұсылмандарға қарсы, иммиграцияға қарсы, жергілікті американдықтарға қарсы пікірлер; бір жыныстық некеге, трансгендерлерге қарсы сөздер; либералдыққа, демократияға қарсы көзқарастар; қара нәсілді адамдарға қарсы сөздер; сол кездегі президенттікке кандидат Х. Клинтонға қарсы, АҚШ президенті Б. Обамаға қарсы айыптаулар; сот төрелегенің федералдық жүйесін құрметтемеу, кедейлерді менсінбеумен байланысты сөздер; және 2) осы посттар әлеуметтік желіде енді көпшіліктің оқуына қол жетімді емес деп санап, төрағалық етуші судьяға және Комиссияға посттарды алып тастағаны туралы айтқан. Алайда бұл сөзі шындыққа жанаспай шыққан (22.08.2018 ж. Джанкинто ісі, Шешім және бұйрық. Калифорнияның сот қызметі жөніндегі комиссиясы) [2].

Кентукки штаты судьяларының жүріс-тұрысы жөніндегі комиссия өзінің Facebook-тегі аккаунтында: «Кінәсін полицияда мойындаған бұл адам өлтіргеніне күдікті, бірнеше сағатта түрмеден босатылып жіберілген», - деген комментариймен бөліскені үшін судьяға ашық сөгіс жариялаған (12.06.2018 ж. Маклафлин ісі, Келісілген бұйрықпен қоғамдық сөгіс. Кентукки штаты судьяларының жүріс-тұрысы бойынша комиссия). Кентуккидің Жоғарғы соты судьяны әртүрлі тәртіп бұзғаны үшін, оның ішінде Snapchat сұхбаттарына қатысқаны және сот персоналы мүшесімен кейбір сөздері жыныстық сипатта болғаны үшін қызметінен босатты (17.12.2020, Джентри судьялардың жүріс-тұрысы бойынша комиссияға қарсы. Кентукки Жоғарғы соты) [2].

Судьяның берген айғақтарына сүйене отырып, Монтана Жоғарғы соты судьяны 30 күн мерзімге, басқа терісқылықтармен қатар өзінің Facebook-тегі жеке парақшасында соттан тыс қызметке партияның екі кандидатын ашық түрде қолдағаны үшін; сондай-ақ Facebook-тағы сайлауалды парақшасында екі партия кандидаттарымен бір саяси ұйымның қолдауын алғаны үшін қызметінен шектеді (2020, Харада бойынша сұраным 461 P.3d 869. Монтана Жоғарғы соты) [3]. Отставкаға кету және болашақта судьялық қызметке өзін ұсынбау туралы шартты қабылдай отырып, Нью-Йорк штаты судьяларының жүріс-тұрысы бойынша комиссиясы,

мемлекеттік лауазымды тұлғалармен штатты сынға алған Facebook-те ашық комментарий жасағаны туралы шағым бойынша тергеуді жапқан. Комментарийлер атыс қаруын реттеуге, құқыққорғау органдарымен саяси ұйымдарға, қоғам белсенділеріне және діни топ мүшелеріне қатысты болған (08.12.2017 ж. Кларкин ісі, Шешім және бұйрық. Нью-Йорк штаты судьяларының жүріс-тұрысы бойынша комиссиясы). Нью-Йорк штаты судьяларының жүріс-тұрысы бойынша комиссиясы мүлік иесінің рұқсатынсыз үйге кіргені, мүлікті суретке түсіргені, фотосуреттерді Facebook әлеуметтік желісіне жариялағаны, меншік иесі туралы жаман пікірлер жазғаны үшін; және Комиссияны осындай посты жедел алып тастаймын деп сендіріп, өзі әрекетсіздік танытқаны үшін судьяға ашық сөгіс жариялаған (26.06.2018 ж. Фишер ісі, Анықтама. Нью-Йорк штаты судьяларының жүріс-тұрысы бойынша комиссиясы) [2]. Отставкаға кету және болашақта судьялық қызметке өзін ұсынбау туралы шартты қабылдай отырып, Нью-Йорк штаты судьяларының жүріс-тұрысы бойынша комиссиясы, осы мәліметтерді жария етуге болатын шектеулі көлемде құпиялылықтан бас тартқан бұрынғы судьяға қатысты сот ісін аяқтады. Судья Facebook-тегі өзінің аккаунтында адамды асып өлтіруге арналған ілмектің келесі жазуы бар: «IF WE WANT TO MAKE AMERICA GREAT AGAIN WE WILL HAVE TO MAKE EVIL PEOPLE FEAR PUNISHMENT AGAIN» фотосуретін орналастырған, - деп Комиссия ресми шағым жасаған (12.09.2019, Канинг ісі, Шешім және бұйрық. Нью-Йорк штаты судьяларының жүріс-тұрысы бойынша комиссиясы).

Нью-Йорк штаты судьяларының жүріс-тұрысы бойынша комиссиясы судьяға (1) өзінің сайлау науқаны кезінде Facebook-тегі жеке парақшасында қастандық теорияларын насихаттайтын мемдерді орналастырғаны үшін, судья ретінде ант бергенде мүлтіксіз орындауды қамтамасыз етуге тиісті заңдарға құрметсіздікпен қарап, орынсыз түсініктемелер бергені үшін; және (2) судья Facebook-тегі жеке парақшасында өзі жауапкершілікке тартқан айыпталушыны босату туралы комментарий, басқа істер бойынша кепілдікпен босату шешімдерін

сынайтын мақалаларға сілтеме және осы істердің біріне комментарий жасағаны үшін судьяға ашық сөгіс жарияған (03.11.2020 ж. Шмидт ісі, Анықтама. Нью-Йорк штаты судьяларының жүріс-тұрысы бойынша комиссиясы). Нью-Йорк штаты судьяларының жүріс-тұрысы бойынша комиссиясы қызының мектеп мұғалімдерін көпшілік алдында қолдағаны үшін судьяға ашық сөгіс жариялады. Білім беру кеңесінің қатысуымен сот ісін жүргізген кезде судья сот ісіне қатысты мәселелермен жеке тұлғаларға бетпе-бет, электронды пошта, және әлеуметтік медиа арқылы ашық комментарийлер берген. Судья мектепте ата-аналарға құқықтық ақпаратпен кеңестер берген; процессуалдық құжаттарға қол қойған; білім кеңесінің мүшелерімен сот ісін жүргізу туралы әңгімескен; мұғалімдер кәсіподағының адвокаттарымен сот отырысы басталғанға дейін сот залынан тыс жерде сөйлескен; сот процесінде берілген айғақтарды рәсімдеген екен. (09.12.2020, Панепинто ісі, Анықтама. Нью-Йорк штаты судьяларының жүріс-тұрысы бойынша комиссиясы) [4].

Қорытынды

Сонымен, судьялар әлеуметтік желілерді қолданғанда абайлық таныту керек. Материалдарды әлеуметтік желілерге орналастыру кезінде олар жариялағанның бәрі жойылғаннан кейін де сақталып қалатындығын және судья берген мәліметті біреулер бұрмалап түсіндіруі, контекстен бөліп алып көрсетілуі мүмкін екенін ескеруі керек. Интернетте анонимді комментарий жазған кезде, адамды анықтаудың әртүрлі тәсілдері бар екенін есте сақтауы керек. Әлеуметтік желіде жарияланған кез-келген жеке ақпарат немесе фотосуреттер кішіпейіл және лайықты болуы керек. Судьялар әрқашан біржақты саяси комментарий беруден аулақ болғандары жөн және ешбір жағдайда судьялық қызметтің абыройына нұқсан келтіретін немесе мемлекеттік институт ретіндегі сот органдарына теріс әсер ететін ештеңе жарияламауы керек. Судьялар Twitter-ді қолдана алады; дегенмен, Twitter аккаунты қолданушыны судья ретінде анықтайтындықтан, оны тек ақпараттық, білім беру және кәсіби мақсаттарда пайдалану керек.

ӘДЕБИЕТ

1. *Judges & Social Media: Managing the Risks by Dimitra Blitsa, Ioannis Papathanasiou & Maria Salmanli 2015 / https://papers.ssrn.com/sol3/papers.cfm?abstract_id=2634043*
2. *Social Media and Judicial Ethics / Compiled by Cynthia Gray, Director / NCSC Center for*

Judicial Ethics / Сайт материалдары 01.04.2021 / www.ncsc.org/cje

3. *INSIDE THIS ISSUE Social media and judicial ethics: Part 1 / Сайт материалдары 01.04.2021 / https://www.ncsc.org/_data/assets/pdf_file/0015/15513/jcr_spring_2017.pdf*

4. *Social Media and Judicial Ethics / Compiled by Cynthia Gray, Director / Сайт материалдары 01.04.2021 / https://www.sog.unc.edu/sites/www.sog.unc.edu/files/course_materials/NCSC%20CJE%20Social%20Media%20and%20Judicial%20Ethics%20Update%20Sept%202019.pdf*

REFERENCES

1. *Judges & Social Media: Managing the Risks by Dimitra Blitsa, Ioannis Papathanasiou & Maria Salmanli 2015 / https://papers.ssrn.com/sol3/papers.cfm?abstract_id=2634043*

2. *Social Media and Judicial Ethics / Compiled by Cynthia Gray, Director / NCSC Center for Judicial Ethics / Сайт материалдары 01.04.2021 / www.ncsc.org/cje*

3. *INSIDE THIS ISSUE Social media and judicial ethics: Part 1 / Сайт материалдары 01.04.2021 / https://www.ncsc.org/_data/assets/pdf_file/0015/15513/jcr_spring_2017.pdf*

4. *Social Media and Judicial Ethics / Compiled by Cynthia Gray, Director / Сайт материалдары 01.04.2021 / https://www.sog.unc.edu/sites/www.sog.unc.edu/files/course_materials/NCSC%20CJE%20Social%20Media%20and%20Judicial%20Ethics%20Update%20Sept%202019.pdf*

